

Мазмұны

- | | | |
|----------|---|-----------|
| 1 | Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер | 3 |
| | мектептері музыка бөлімдерінің «Виолончель» пәні | |
| | бойынша білім беру бағдарламасы | |
| 2 | Образовательная программа по предмету | 26 |
| | «Виолончель» детских музыкальных школ и | |
| | музыкальных отделений детских школ искусств | |

Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Виолончель» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

1. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Виолончель» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Виолончель» пәні бойынша оқытудың мақсатын, нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, «Виолончель» пәні бойынша оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін анықтайды.

2. Осы бағдарламада келесі түсініктер қолданылады:

1) агогика – көркемдік мәнерліліктің мақсаттарына бағындырылған аздап темптен ауытқулар (баяулату, жылдамдату);

2) аппликатура – музыкалық аспапта ойнау кезінде саусақтарды орналастыру және алмастыру тәсілі, сондай-ақ осы тәсілдерді нотада белгілеу;

3) арпеджио – аккордың дыбыстары бірінен кейін бірі шығатындай аккордтарды фортепиано, кейбір клавишалық және ішекті аспаптарда ойнаудың тәсілі;

4) артикуляция – музыкалық аспапта ойнау кезінде немесе вокалдық партияларды орындау кезінде дыбыстардың қатарын орындау тәсілі;

5) деташе – ішекті-ысқылы аспаптарда орындаудың түрлерінің бірі;

6) дыбысты жүргізу – фонация кезіндегі дыбыстарды байланыстырудың тәсілі;

7) дыбыс шығару – музыкалық шығару, музыкалық аспапта немесе ән айту кезінде дыбыстарды шығару;

8) легато – музыкалық аспапта ойнаудың тәсілі, дыбыстарды байланыстырып орындау, ол кезде бірі дыбыстан бір дыбысқа өту баяу жүргізіледі, дыбыстар арасында үзіліс болмайды;

9) музыка теориясындағы гамма – ұзақтылығы белгісіз дыбыстар қатары, көршілес сатылар бір бірінен тұтас бір тонға немесе жарты тонға қалып отырады; мектептің орындаушылық практикасындағы гамма дегеніміз ұзақтығы бірнеше октаваны құрайтын жоғары немесе төменгі дыбыстар қатарын айтады;

10) музыкадағы діріл – дыбысқа ерекше бояу және мәнерлілік беретіндей орындау тәсілі;

11) ритм – музыканы уақыт аралығында ұйымдастыру;

12) стаккато – дыбыстарды үзік-үзік орындауды болжайды, бір бірін үзіліспен бөлетін музыкалық штрих;

13) үшдыбыстылық – терция бойында орналасқан үш дыбыстан құралған аккорд;

14) штрих – дыбысты құрайтын ноталарды, ноталар тобын орындау тәсілі (амал, әдісі);

15) флажолет – музыкадағы ойнау тәсілі.

2. Бағдарламаның мақсаты: виолончельде ойнау бойынша алған білім, білік және дағдылары негізінде білім алушылардың музыкалық-шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.

4. Бағдарламаның міндеттері:

Оқыту:

1) жеке және ансамбльде музыкалық шығармаларды сауатты орындауға мүмкіндік беретін виолончельде ойнаудың негізгі орындаушылық тәсілдеріне оқыту;

2) бағдарламалық талаптарғы сәйкес әртүрлі жанрдағы және формадағы шығармаларды меңгеру және виолончельде ойнау;

3) музыкалық сауатты меңгеру, ой-өрісін кеңейту және музыкалық білімдерін, орындаушылық біліктері мен дағдыларын жинақтау;

4) музыкалық орындаушылық саласындағы арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Тәрбиелік:

1) виолончельде ойнау бойынша алған білім, білік және дағдыларын практикада қолдануға талпынысты тәрбиелеу;

2) музыканы дұрыс қабылдауды, музыкалық шығарманы тыңдай білуді тәрбиелеу;

3) көркемдік талғамды, музыканы түсініп қабылдау негізінде орындаушылық шеберлікті тәрбиелеу;

4) белсенді тыңдаушыны, ой-өрісі кең және музыкалық түсінігі тереу академиялық музыканы қызығушысын тәрбиелеу;

5) отандық және әлемдік мәдени құндылықтарды, дәстүрлерді, халық шығармашылығының озық үлгілерін меңгеру арқылы өнерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

5. Бағдарламаны іске асыру мерзімі – жеті жыл. Бағдарламаны іске асыруға арналған оқыту уақытының көлемі осы бұйырықтың 1-қосымшасында көрсетілген балалар музыка мектебінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес анықталады. Оқыту жеке формада іске асырылады.

6. Бағдарлама виолончельде ойнау техникасын меңгергісі келетін, орыс, қазақ халық әуендерінің өңдеулерін, әлем халықтарының музыкасын және классикалық шығармалардың өңдеулерін үйренгісі келетін балаларға арналған.

7. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу қағидаттары:

1) музыкалық сөздік қорын және техникалық тәсілдерді меңгерудегі қатаң жүйелілік;

2) сабақтардың жүйелілігі және ұдайылығы;

3) оқу процесінің мақсаттылығы.

8. Бағдарлама болашақ музыканттың әрі қарай жүргізетін практикалық қызметіне қажетті көлемдегі виолончельде ойнау тәсілдерін меңгеруіне жағдай жасайды.

Балаларға шығармашылық, эстетикалық, рухани-адамгершілік тәрбие беруге бағытталған және жеке, ансамбльде, оркестрде орындаушылық дағдыларын меңгеруге, музыкалық өнерді зерттеу және меңгеру барысында өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын алуға мүмкіндік береді.

9. «Виолончель» бағдарламасы музыкалық қабілеттері, дайындықтары мен жалпы дамулары түрлі деңгейдегі балаларға есептелген. Педагог оқу міндеттерін белгілеудегі икемділік, әр баланы оқыту стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері есебінен әр білім алушыға жеке тәсілмен келуді іске асыруға жағдай жасайды. Педагог музыкалық білімді меңгерудегі қолжетімділікке, сатылылыққа және жүйелілікке, балалардың бойында музыкаға деген қызығушылықтарын оятуға ерекше көңіл бөледі.

10. Білім беру бағдарламасы білім алушылардың:

1) музыкалық сауаттың қажетті деңгейіне сәйкес музыкалық шығармаларды шығармашылықпен орындауға мүмкіндік беретін виолончельде ойнау бойынша білім, білік және дағдыларды меңгеруі;

2) білім алушының шығармашылық қызметі тәжірибесін алуы;

3) білім алушының әлем халықтарының рухани және мәдени құндылықтарын меңгеруі;

4) музыкалық білім алуы және музыкалық мәдениетке араласуы;

5) білім алушының бойында музыка өнері саласындағы негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын әрі қарай меңгеруіне ықпал ететін білім, білік және дағдылар кешенін қалыптастыруға ықпал ететін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

11. Психологиялық-педагогикалық қолдау:

1) білім алушының даралығына сәйкес оның тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуына, өзін өзі кәсіби анықтауына, зияткерлік-тұлғалық мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға;

2) білім алушының бойында оқуға деген оң уәждемелерін қалыптастыруға;

3) білім алушының тұлға ретінде дамуына және өзін өзі жетілдіруіне ықпал ететіндей тұлғаға өзін өзі тануда, олардың өзіне шынайы баға беруіне және нақты өмірлік жағдайларда бейімделуінде, қиын жағдайларды жеңуде және эмоциялық тұрақтылыққа қол жеткізуде көмек көрсетуге;

4) бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес білім алушыға психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға бағытталған.

12. Білім алушыға қажетті орындаушылық дағдыларды және біліктерді үйрету мазмұны, сипаты және стилі жағынан түрлі көркемдік шығармалармен жұмыс істеу барысында іске асырылады, ал музыкалық тәрбие беру халық музыкасын, қазақстандық, орыс және шетел композиторларының шығармашылығын үйретуге негізделеді.

13. Бағдарламаның ерекшелігі балалардың виолончельде ойнау бойынша білім, білік және дағдыларды, шығармашылық қызмет тәжірибесін, жеке және ансамбльде орындау тәсілдерін алуға жалпы бағытталуы болып табылады.

Музыкалық білімді меңгеру, балалардың сабақтарға деген қызығушылықтарын ояту кезінде қолжетімділікке, сатылы оқытуға және жүйелілікке ерекше назар аударылады.

14. Ұжымдық музыка ойнаудың негізгі практикалық міндеттері – ансамбльдің дыбысталуын тыңдай білу, бірыңғай ритмикалық қағысты сезіну, келісілген түрде және өзгермелі икемді қағыста көркем ойнау, бірге орындау, ансамбль қатысушыларымен әрекеттесу сияқты ансамбльде ойнаудың арнайы дағдыларын қалыптастыру.

15. Бағдарлама білім алушының жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттіліктеріне (оқу пәні шеңберінде меңгерілген арнайы білім, білік және дағдылар) қол жеткізуге бағытталған.

16. Бағдарламаның әдістемелік негізі:

1) тұлғаны қалыптастыруға деген тұтастық тәсіл тұжырымдамасы;

2) оқытудағы жас, жеке-қызметтік, жеке-сараланған және мәселелі-зерттеу тәсілдері;

3) заманауи педагогиканың жалпы дидактикалық постулаттары, білім беру процесінің белгіленген мазмұны, формалары және тәсілдері;

4) оқытудың дамытушылық мәнмәтініндегі білім алушының шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін дамыту мәселелерін әзірлеу;

5) көрнекті педагогтер мен музыка танушылардың теориялық ережелері мен әдістемелік нұсқаулары.

17. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізудің негізгі қағидаттары:

1) табиғи сәйкестік және қолжетімділік қағидаты білім алушының жас ерекшеліктерін ескеріп, білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуына көмектесетін, тыңдауға, үйренуге, орындауға лайық оқу материалын іріктеп алуға мүмкіндік береді;

2) сабақтастық қағидаты білім алушылардың музыкалық-орындаушылық қызметі және оның мазмұны деңгейінде оқытудың барлық сыныптары арасындағы байланысты білдіреді;

3) оқытуды дараландыру қағидаты аспапта ойнаудың орындаушылық дағдыларын практикалық меңгерудің негізгі тәсілі болып табылады;

4) шығармашылық қағидаты білім алушылардың қабілеттерін және бейімділіктерін ашуды болжайды, табыстылық жағдайын құруға, өнермен қуана араласуға ықпал етеді.

18. «Виолончель» пәніне жеке оқытудың ерекшелігі оқыту әдістерін, құралдарын, формаларын және репертуар кешенін таңдаудың вариативтілігін болжайды.

19. Қойылған міндеттерді орындау үшін қолданылатын оқыту әдістері:

1) ауызша әдіс – сұхбат, әңгіме, түсіндіру, пікірталас;

2) көрнекілік-демонстрациялық – педагогтің аспаппен шығарма орындауы, бақылау, интерактивті және мультимедиялық таныстыруды көрсету;

3) практикалық – аспаппен жұмыс, дайындық жаттығулары, шығарманы өз бетінше талдау, шығарманың жеке бөліктерімен жұмыс;

4) талдау – салыстыру және жалпылау, қисынды ойлауды дамыту;

5) эмоциялық – ассоциацияларды, бейнелерді, көркемдік әсерлерді таңдау, музыкалық бейнелі ойлауды дамыту.

20. Әдістерді таңдау білім алушының жасына және жеке ерекшеліктеріне, физикалық қабілеттері, шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты болады. Оқу процесі қарапайымнан күрделіге қарай құрылады.

21. Сабақ формалары:

1) практикалық – ойнау тәсілдері мен дағдылары аспапта ойнау арқылы пысықталады;

2) топтық сабақтар ансамбльде ұжыммен музыка ойнау мақсатында өткізіледі;

3) дайындық-концерттік (дайындық және концерттік нөмірлерді көпшілік алдында көрсету);

4) байқаулар;

5) ойын сабағы (сабақ барысында ойын технологияларын қолдану);

6) экскурсия сабағы.

22. Педагог бағдарламаны заманауи музыка мектептерінде іске асыруда интерактивті білім беру технологияларын, сабақтардың классикалық және дәстүрлі емес түрлерін қолданады.

23. Педагогтің білім алушымен жеке жүргізетін сабағы сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы болып табылады.

Жеке сабақтар педагогпен немесе басқа білім алушылармен ансамбльде ойнаумен үйлестіріледі.

24. Сабақ жоспары бір уақытта жүргізілетін теориялық және практикалық сабақтардан құралады.

25. Жұмыстың сабақтан тыс түрлері:

- 1) ансамбльде ойнау;
- 2) концерттік, байқаулық қойылымдарға дайындық;
- 3) шығармашылық және мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысу;
- 4) филармонияларға, театрларға, концерттік залдарға, мұражайларға бару;
- 5) музыка қайраткерлерімен, орындаушылармен, композиторлармен кездеу.

26. Осы бағдарлама негізінде педагог білім беру процесін ұйымдастырудың осы сынып үшін ұтымды және барынша тиімді мазмұнын, әдістерін және тәсілдерін анықтайтын оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

27. Оқу жұмыс бағдарламасының құрылымдық элементтері:

- 1) титул парағы;
- 2) түсінік хат;
- 3) оқу қызметін жоспарлау;
- 4) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

28. Титул парағындағы негізгі мағлұматтар:

- 1) білім беру ұйымының аталуы;
- 2) оқу пәнінің аталуы;
- 3) оқу жұмыс бағдарламасы арнайы әзірленген сыныпты көрсету;
- 4) оқу жұмыс бағдарламасының жұмыс мерзімі (оқу жылы);
- 5) педагог туралы қысқа мағлұмат;
- 6) білім беру ұйымы басшысының оқу жұмыс жоспарын бекіткендігін белгілеуге арналған орын.

29. Түсінік хаттың мазмұны:

- 1) негіздеме ретінде білім беру бағдарламасы;
- 2) анықталған сыныпта пәнді оқыту кезіндегі өзекті педагогикалық мақсат пен міндеттер;
- 3) аталған сыныптағы оқыту ерекшеліктері (дамытушылық, түзету-дамытушылық, дарынды балалармен жұмыс);
- 4) аталған сыныпта жұмысты ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен мәселелер;
- 5) өзгерістердің себептері мен мақсаттылығын көрсете отырып, бөлек тақырыптық блоктарды (тарауларды) меңгеру мерзімдерін және/немесе уақытын өзгерту туралы ақпарат.

30. «Оқу қызметін жоспарлау» тарауы білім алушылардың қызметінің сипаттарын ерекшелейтін тақырыптық күнтізбелік жоспардан, сыныптар бойынша репертуарлық тізбеден құралады.

31. «Оқу процесін оқу-тақырыптық қамтамасыз ету» тарауының мазмұны:

- 1) білім алушыға арналған танымдық әдебиеттер тізбесі;
- 2) педагогке арналған әдістемелік әдебиеттер тізбесі;
- 3) оқу-көрнекілік құралдардың тізбесі.

32. Педагогтің оқу жұмыс бағдарламасы әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылады және білім беру ұйымының басшысы оқу жылы басталғанға дейін бекітеді.

33. Педагог оқу жұмыс бағдарламасы негізінде әр білім алушыға арналған оқытудың жеке жоспарын құрады. Жеке жоспар білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуының үйлесімді процесін сипаттайды.

34. Білім алушының жеке жоспары әр жартыжылдыққа құрылып, оны білім беру ұйымының басшысы бекітеді, журналға немесе білім алушының жеке іс қағаздарына енгізіледі.

35. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

Бір сыныптың өзінде бағдарламаны іске асыру бойынша жеке жоспарлар, концерттік және емтихандық бағдарламалар күрделілік деңгейі бойынша бірі бірінен біршама ерекшеленеді.

36. Білім алушының жеке жоспары репертуарлық кең үрдісті, халық, классикалық және композиторлық техниканың элементтері бар заманауи музыканы енгізу арқылы репертуарды жаңартуды және байытуды көрсетеді.

37. Оқу процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, білім алушылардың музыкалық-орындаушылық қабілеттерінің табысты және жан-жақты дамуы толығымен алғанда жұмыстың мұқият жоспарлануына, репертуардың дұрыс іріктелуіне тікелей байланысты болады.

38. Педагог әрбір білім алушының музыкалық қажеттіліктерін және дарындылық ерекшелігін ескеріп, әрқайсысына жеке репертуарлық стратегия әзірлейді.

39. Педагог музыкалық шығармалардың жеке репертуарлық тізбесін қалыптастырады, шығармаларды жүйеге келтіреді және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

40. Репертуарлық тізбе қазақ, орыс, шетел музыкасы, көркемдік деңгейі жоғары заманауи композиторлардың балалар мен жасөспірімдерге арналған пьесаларын, мультфильмдерден, балаларға арналған кинофильмдерден алынған танымал әндерді, халық музыкасын қамтиды.

41. Педагог оқу процесінде ладтық, үндестілік, ырғақтық және әуендік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ халық әндері мен күйлерінің өңдеулерін, қазақстандық композиторлардың шығармаларын кеңінен қолданады.

42. Оқу репертуарының әр түрлі жанрлардағы және стильдердегі шығармаларға қанық болуы музыкалық материалды оқу, салыстыру, жүйелеу үшін оңтайлы жағдай туғызады.

43. Репертуар заманауи отандық және шетел композиторлары шығарған үздік пьесаларды қамти отырып жүйелі түрде жаңартылады және кеңейтіледі.

44. Педагог күрделілігі төмендеу тапсырмадан мейлінше күрделі тапсырмаға біртіндеп ауысып, білім алушыға музыкалық мазмұны жағынан, сондай-ақ орындау техникасы жағынан қолжетімді болатындай материалдарды тандай отырып, оқыту әдістемесін және білім алушының репертуарын мұқият ойластырады.

45. Педагог репертуармен жұмыстың аяқталу деңгейін анықтайды, шығармаларды үйрену кезеңдерін белгілейді, бағдарламаның көлемін және күрделілігін түрлендіреді, әр білім алушының тұлғалық және жеке тәсілдерді ескеретін жаңа репертуардың есебінен репертуарлық тізбені толықтырады.

46. Педагог репертуармен жұмыс істеу барысында шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтихандық) орындауға, қалған бөлігі – сыныпта жұмыс істеуге немесе таныстыру мақсатына арналатындығын ескереді.

47. Жеке жоспарға білім алушының музыкалық орындаушылық, көркемдік, техникалық мүмкіндіктерінен жоғары және оның жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін шығармалар енгізілмейді.

48. Білім алушылардың музыкалық ой-өрісін кеңейту үшін, сыныпта егжей-тегжейлі оқытылатын шығармалардан бөлек, жұмыстың түрлі аяқталу деңгейіне жол бере отырып, жаттап алуды талап етпей, түрлі сипаттағы пьесалардың қатарымен таныстырылады.

49. Жеке жоспардың міндетті тараулары:

- 1) гаммалармен жұмыс;
- 2) этюдтермен және жаттығулармен жұмыс;
- 3) классикалық және заманауи авторлардың пьесаларын орындау;
- 4) Қазақстан композиторларының шығармаларын орындау;
- 5) халық әндерінің және билерінің өңдеулері;
- 6) ансамбльдің құрамында жұмыс істеу;
- 7) ноталарды парақтан оқу дағдылары.

50. Әр жарты жылдықтың соңында педагог білім алушының тапсырманы орындау сапасын белгілейді және бекітілген репертуарлық тізбеге өзгерістер—енгізеді, жылдың соңында музыкалық және

техникалық дамуына, жетістіктері және еңбек қабілеттеріне сипаттама береді.

51. Жылдың соңындағы білім алушыға берілген мінездеме даралығының келесі жақтарын ашып көрсетеді:

- 1) музыкалық қабілеттерінің деңгейі (естуі, ырғақ, жады);
- 2) білім алушының аталған аспапқа деген орындаушылық аппаратының сәйкестігі;
- 3) аспапқа икемделу деңгейі;
- 4) жалпы дамуы, эмоциялығы, қабылдауы, реакциясының жылдамдығы;
- 5) музыкамен айналысуға деген көзқарасы;
- 6) еңбекке қабілеттілігі, жинақылығы;
- 7) өз бетінше жұмыс істеу білігі;
- 8) мәтінді талдаудағы сауаттылық дәрежесі;
- 9) музыкалық шығармаларды меңгеру жылдамдығы;
- 10) жылдың соңындағы жетістіктері;
- 11) білім алушының музыкалық-техникалық дамуындағы кемшіліктері және оларды жеңу бойынша міндеттері.

52. Білім алушыны сипаттауда мақсатқа жетуге ұмтылуы, көркемдік қиялының болуы, аспапты еркін игеруі, техникалық жағынан еркіндігінің болуы сияқты жеке қасиеттері көрсетіледі.

53. Өз бетінше жүргізілетін сабақтар үнемі және жүйелі түрде жүргізіледі. Жұмыс көлемі балалардың жалпы білім беру бағдарламаларын игеруімен қатар үй тапсырмасына дайындалуға кететін уақыт шығыны ескеріліп анықталады.

54. Жеке үй тапсырмасы бірнеше рет жүргізіліп, педагогтің ұсынымдарына сәйкес құрылады. Бірінші кезекте түрлі техникалық тәсілдерді пайдаланып, ең күрделі музыкалық эпизодтар пысықталады. Педагог білім алушының ақыл-ой және дене мүмкіндіктеріне байланысты қандай да бір шығармаға жұмсалатын уақытты анықтайды.

55. Үй тапсырмаларының мазмұны:

- 1) дыбысты дамытуға арналған жаттығулар (дыбыс ұзақтығымен жұмыс);
- 2) техниканы дамыту бойынша жұмыс (гаммалар, жаттығулар, этюдтер);
- 3) көркемдік материалмен жұмыс (пьесалар немесе ірі нысанды шығармалар);
- 4) нотаны парақтан оқу.

56. Білім алушының өз бетінше жүргізетін сабақтарын белсендіру үшін сабақтың келесі формалары қолданылады:

- 1) өз орындауын талдау (білім алушы өзінің ойнауын бағалайды, жіберілген қателіктерін белгілейді);

2) білім алушының күнделігіне шығармамен жұмыс істеуге қатысты педагогтің маңызды ұсынымдарын жазу;

3) үй тапсырмаларын орындау туралы ауызша есеп беру (білім алушы қиындықтар туралы және оларды жою туралы айтады).

57. «Виолончель» пәнінің үлгілік оқу жоспарындағы «Сольфеджио», «Қазақ музыка әдебиеті», «Әлемдік музыка әдебиеті», «Ұжымдық музыка ойнау» пәндерімен пәнаралық байланысы білім алушының түрлі көркемдік түсініктерді тұтас түсінуге итермелейді.

58. Даярлық сыныбындағы бағдарламалық талаптар:

17. Даярлық сыныбындағы оқу пәнінің мазмұны.

1) білім алушы аспаппен, оның құрылымымен танысады, қолды, денені қоюды, аспапты ұстап отыруы меңгеріледі, оңтайлы ойын қимыл-қозғалыстарын ұйымдастырылады.

2) ноталық сауат туралы алғашқы білім қалыптасады, ысқышты жүргізу және бөлу дағдыларын меңгереді, қарапайым штрихтардың түрлерін оқып-үйрену: тұтас ысқышпен және оның бөлігімен жасалған детаşe, әр ысқышқа 2-4 нота бойынша legato.

3 білім алушы 15-20 жеңіл пьесаны, 4-6 этюдті, 2-4 күрделі емес ансамбльдік пьесаны меңгереді

59. Даярлық сыныбындағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Музыкалық-есту елестерін және музыкалық-бейнелі ойлауды дамыту.

2-тақырып. Музыкалық аспаппен танысу (виолончель және ысқыштың бөліктері).

3-тақырып. Ноталық сауатпен танысу.

4-тақырып. Сол қол саусақтарын қатайтуға арналған жаттығулар.

5-тақырып. Қолды дұрыс қою бойынша жұмыс. Pizz-да ойнау және ашық ішектерді ысқышпен ойнау.

6. Детаşe - штрихын оқып-үйрену, бір ішектен келесі ішекке ауысу тәсілдері.

7-тақырып. I позицияда үш ішекте мойынды (гриф) меңгеру.

8-тақырып. Екі қолмен ойнау.

60. Даярлық сыныбының бағдарламасын меңгеруден күтілетін нәтижелер.

Даярлық сыныбында оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) виолончельде ойнаудың алғашқы дағдыларына ие: қолды, денені орнықтыру жұмыстары, оңтайлы ойын қозғалыстарын ұйымдастыру;

2) аспаптың бөліктерін біледі;

3) әр ішектегі ноталарды біледі;

4) ысқышты жүргізу және бөлу дағдыларына ие;

5) штрихтардың қарапайым түрлерін біледі: тұтас ысқышпен және оның бөліктерімен детаşe, ысқышқа 2-4 нотадан legato;

6) сол қолды бекітуге арналған қарапайым жаттығуларды орындайды;

7) саусақтарды жақын орналасқандағы, бұдан әрі - кең орналасқадағы бірінші позицияны біледі;

8) 15-20 жеңіл пьесаларды, 4-6 этюдты, 2- жеңіл ансамбльдік пьесаларды біледі;

9) бір нотаны «Ре» немесе «Ля» ішегінде басып тұрып, ашық ішектерде және шертпе бойымен ысқышты жүргізеді;

10) сөздері және суреттері бар балаларға арналған әндерін орындайды.

61. 1 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) музыкалық-есту елестерін және музыкалық-бейнелі ойлауды әрі қарай дамыту, қойылыммен, мақсатты ойын қозқалыстын ұйымдастыру бойынша жұмыс.

2) ноталық сауат, бас кілтінде нотаны оқу, қарапайым динамикалық, штрихтық және аппликатуралық түсініктер, саусақтардың жақын орналасуындағы және саусақтардың алшақ орналасуындағы бірінші позициясы, ысқышты жүргізу және бөлу дағдыларын дамыту, қарапайым штрихтарды оқып-үйрену: тұтас ысқышпен және оның бөліктерімен «детаşe», әр ысқышқа 2-4 нотадан «легато», үйлестірілген штрихтар, бір ішектен келесі ішекке ауысу меңгеріледі.

3) білім алушы бірінші позиция шеңберінде бір октавадағы 2-3 мажорлы гаммаларды, 6-8 этюдтерді және 8-10 пьесаларды меңгереді.

62. 1 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Музыкалық-есту елестерін және музыкалық-бейнелі ойлауды дамыту.

2-тақырып. Ноталық сауатты қайталау.

3-тақырып. Екі қолмен I позицияда үш ішекте ойнау дағдыларын бекіту.

4-тақырып. Қолды үйлестіру және ысқышты бөлу.

5-тақырып. Ішектерді біріктіруге арналған жаттығулар.

6-тақырып. Тасымалдау және естулері бойынша теру дағдылары.

7-тақырып. Деташемен, легато және гаммадағы аралас штрихтармен жұмыс.

8-тақырып. Нотаны парақтан оқу және ансамбльде ойнау.

63. 1 сыныптың бағдарламасын меңгеруден күтілетін нәтижелер.

Оқытудың соңында бірінші сыныптың білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) виолончельде ойнаудың негізгі дағдыларын ие;

2) аспап пен ысқыш құрылғысын, музыкалық сауат негіздерін біледі;

3) қарапайым штрихтық және динамикалық мәнін біледі;

4) дыбысталу сапасын бақылау, ритмикалық нақтылық дағдыларын меңгерген;

5) парақтан оқудың алғашқы дағдыларына ие;

6) есту арқылы қарапайым әуендерді тере алады.

64. 2 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) музыкалық-бейнелі ойлауды дайымыту бойынша жұмыстар, қойылымдық-қозғалыстық дағдылар, интонация, дыбыс шығару және ритм бойынша жұмыстар жалғастырылады, штрихтарды орындау сапасына қойлатын талаптар артады, нотаны парақтан оқу дағдылары, музыкалық және техникалық міндеттерді талдау білігі қалыптасады;

2) мажорлы және минорлы ладтағы гаммалар, ассиметриялық штрихтар, акценттер, триольдар, пунктирдік ритм, қажетті жылдамдықтағы негізгі жұмсақ штрихтар (деташе, легато және олардың үйлесімділігі), қос ноталардың қарапайым түрлері (ашық ішектерді пайдалана отырып), саусақтарды аспап мойнында (бірінші және екінші түрі) алшақ орналастыру дағдыларын бекіту, 1 позициядағы саусақтардың артикуляциясын дамыту бойынша жұмыс, позицияларды ауыстырудағы дағдыларды бастапқы дамыту меңгеріледі;

3) білім алушы түрлі штрихтық нұсқаларды пайдаланып, бірінші-төртінші позиция шеңберінде екі октавалы мажорлы және минорлы гаммаларды, 6-8 пьесаны, 8-10 этюдті оқып-үйренеді.

65. 2 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Музыкалық сауат.

2-тақырып. Қолдардың қозғалыс дағдылары, интонация, дыбыс шығару және ритм бойынша жұмыстар жалғастырылады.

3-тақырып. Минорлы ладтағы гаммаларды, ассиметриялық штрихтарды, акценттерді, триольдарды, пунктирлік ритмді оқып-үйрену.

4-тақырып. Бірінші және екінші түрдегі саусақтарды алшақ орналастыру дағдыларымен танысу.

5-тақырып. IV позицияны және позицияларды ауыстыру дағдыларын алғашқы дамытуды оқып-үйрену.

6-тақырып. Табиғи флажолеталар.

7-тақырып. Пьесаларды жаттау.

8-тақырып. Аспап мойнында (грифте) саусақтарды дұрыс орналастыру дағдыларын бекіту.

9-тақырып. Жаттығулар мен этюдтерді жаттау.

10-тақырып. Нотаны парақтан оқу және ансамбльде ойнау.

66. 2 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

2 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) ноталардың жазылуын және 2 октава көлеміндегі аппликатураларды біледі;

2) бірінші позицияда және үшдыбыстық шеңберінде гаммаларды орындай алады;

3) өзін-өзі бақылаудың алғашқы дағдыларына ие;

4) нотаны парақтан оқудың алғашқы дағдыларына ие;

5) минорлы гаммаларды біледі;

6) динамикалық реңктердің мағыналарын біледі;

7) штрихтарды (деташе, легато), пунктирлі штрихты біледі;

8) баса айтуды, интонациялаудың тазалығын біледі;

9) нотаны парақтан оқудың алғашқы дағдыларын және ансамбльдік ойнауды біледі;

10) төртінші позицияға ауыса отырып, екі октавада гаммаларды орындай алады;

11) үшдыбыстылықты, үшдыбыстылық арпеджиосын орындай алады;

12) деташе штрихтарын және түрлі комбинациялардағы легатоларды біледі.

67. 3 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) музыкалық-бейнелі ойлауды дамыту бойынша жұмыстар және білім алушылардың орындаушылық дағдылары бойынша жұмыстар, дыбыс сапасы, позицияларды ауыстыру, интонация және ритммен жұмыс, дайындық ережелерін ұстана отырып, саусақтардың алшақ орналасуын сақтау және саусақтарды ұстап тұру бойынша жұмыстар жалғастырылады;

2) білім алушы мартле және стаккато жаңа штрихтарымен, тенорлық кілтпен танысады, мейлінше күрделі ритмдерді, саусақтардың жылдамдығын дамытуға арналған жаттығуларды, қос ноталарды оқып-үйренуге арналған дайындық жаттығуларды, вибрациялау дағдыларын оқып-үйренеді;

3) білім алушы түрлі штрихтық нұсқаларды пайдаланып, жеткілікті және мейлінше қозғалысты жылдамдықта үш белгіге дейінгі (екі белгіге дейін минорлы) екі октавалы гаммалар мен арпеджионы, 6-8 этюдті, 6-8 пьесаны, бір ірі нысанды шығарманы оқып-үйренеді.

68. 3 сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Музыкалық-есту елестерін және музыкалық-бейнелі ойлауды дамыту.

2-тақырып. Дыбыс шығару сапасымен жұмыс.

3-тақырып. Саусақтарды алшақ орналастырып ойнау дағдыларын бекіту.

4-тақырып. Мартле және стаккато жаңа штрихтамен танысу.

5-тақырып. Саусақтардың жылдамдығын дамытуға арналған жаттығулар.

6-тақырып. Қос ноталарды оқып-үйренуге арналған дайындық жаттығулары.

7-жаттығу. Позицияларды ауыстыру дағдыларын бекіту және тенорлық кілтпен танысу.

8-тақырып. Ірі нысанды шығарманы оқып-үйренуге дайындық.

9-тақырып. Нотаны парақтан оқу және ансамбльде ойнау.

69. 3 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

3 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) арпеджио мен доминантсептаккордтарды орындай алады;
2) интонациямен және ритмикалық нақтылықпен жұмыс істей алады;

3) бір октавадағы қос нотаны біледі;

4) түрлі комбинациялардағы деташе және легато штрихтарын, пунктирлік штрихты және мартлені біледі;

5) мәнерлі ойнауды көрсетеді және музыкалық-бейнелі ойнауды дамытады;

6) интонациямен және ритмикалық нақтылықпен жұмыс істей алады;

7) нотаны парақтан оқу, ансамльде ойнау және тасымалдау дағдыларына ие;

8) саусақтарды алшақ орналастыруды біледі;

9) ноталарды тенорлық кілтте оқуды біледі;

10) дыбысты жүргізу және интонациямен жұмыс істей алады;

11) негізгі және үзік штрихтарды орындау дағдыларына ие;

12) түрлі стильдік бағыттардағы шығармаларды біледі;

13) үш белгіге дейін гаммаларды орындай алады.

70. 4 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) штрихтық техниканы (деташе, легато, мартле, стаккато), позиция мен ысқышты ауыстыру кезіндегі иілгіштікті дамыту, нтонациямен, дыбысталу динамикасымен, ритммен жұмыс, дыбыс сапасына және орындау мәнерлілігіне талаптың жоғары болуы кезіндегі орындаушылық дағдыларды әрі қарай жетілдіру жұмыстары жалғастырылады;

2) алғашқы төрт позицияда ойнау дағдылары бекітіледі, жоғары позициялар (бесінші, алтыншы, жетінші) меңгеріледі, сол қолдың жүйріктігі, артикуляциясы дамытылады, қос ноталар, табиғи флажолеттер, әр ысқыға он екі нотаға дейін legato ойнау, үш октавалы

гаммалар, түрлі аппликатуралар мен арпеджиолар меңгеріледі, қалыпты және мейлінше жылдам қозғалыста негізгі штрихтарды дамыту жалғастырылады, екпін, дыбысталу динамикасы, ритм, діріл, нотаны парақтан оқу бойынша жұмыс жалғастырылады;

3) білім алушы екі октавалы гаммалар мен арпеджионы, ашық және ашық емес ішектермен, қалыпты және жылдам қарқында, әртүрлі штрихтық нұсқаларды пайдаланып, жеке үшоктавалы гаммаларды және арпеджионы: ре, соль және фа мажор және бір атты минорлы, "сынық" терциялар мен «секвенция» кварталарын, 6-8 этюдті, 5-6 пьесаны және концерттің бір бөлігін және сонатаның екі бөлігін оқып-үйренеді.

71. 4 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Ассоциативтік ойлауды дамыту.

2-тақырып. Қолдарды қозғалту дағдыларымен, интонациямен, дыбыс шығару және ритммен жұмыс.

3-тақырып. Штрихтық техниканы дамыту: деташе, легато, мартле, екі және үш октавалы гаммалардағы стаккато.

4-тақырып. Алғашқы төрт позицияда ойнау дағдыларын бекіту.

5-тақырып. Вибрация, дыбыс сапасы, динамика және орындау мәнерлілігімен жұмыс.

6-тақырып. Жоғары позицияларды (V, VI, VII) оқып-үйрену және мөлшерлеме позициясымен танысу.

7-тақырып. Пьесалар мен этюдтарды орындау барысындағы сол қолдың шапшаңдығы мен артикуляциясы.

8-тақырып. Қос ноталарды, табиғи флажолеттерді игеру.

9-тақырып. Жатттығулар мен этюдтерді ойнау.

10-тақырып. Ірі нысанды шығармалармен жұмыс.

11-тақырып. Нотаны парақтан оқу және білім алушының мүмкіндігі жететін репертуарлармен өз бетінше жұмыс істеу.

12-тақырып. Аспапты күйге келтірумен танысу.

72. 4 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

4 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) саусақтардың алшақ орналасуын меңгерген;

2) тенорлық кілтте ноталарды парақтан оқи алады;

3) музыкалық-бейнелі ойлауды дамытады;

4) негізгі және үзік штрихтарды орындау дағдыларын игерген;

5) түрлі стильдік бағыттардағы шығармаларды біледі;

6) үш белгіге дейін гаммаларды орындай алады;

7) түрлі стильдік бағыттардағы шығармаларды орындай алады;

8) парақтан оқу және ансамбльде ойнау дағдыларына ие.

73. 5 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушының өз бетімен жұмыс істеуі дамиды, орындау мәнерлілігіне қойылатын талаптар күйшейтіледі, ритмикалық міндеттерді күрделендіріледі, саусақтардың шапшаңдылығы және артикуляциясымен жұмыс жалғастырылады;

2) хроматикалық гаммалар, төрт позиция аймағындағы қос ноталар үйретіледі, штрихтық техника әрі қарай дамытылады: деташе, легато, мартле, стакатто, сотие, вибрациялау дағдылары жетілдіріледі, жоғары позицияларда және қою (ставка) позицияларында ойнау тәсілдері бекітіледі, хроматикалық гаммалар меңгеріледі, саусақтардың шапшаңдылығымен жұмыс, мейлінше күрделі шығармаларды парактан оқу жалғастырылады, ансамбльде музыка ойнау, мультимедиа құралдары - музыканы сандық өңдеу бағдарламалары, Microsoft Office және ноталық редакторларды пайдалану меңгеріледі;

3) білім алушы әртүрлі гаммаларды, түрлі штрихтардағы 3-4 белгіге дейінгі арпеджионы, 6-8 этюдті, концерттің бір бөлігін, сонатаның 1-2 бөлігін және 5-6 пьесаны оқып-үйренеді.

74. 5 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

37.Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Бейнелі және ассоциативті ойлауды әрі қарай дамыту.

2-тақырып. Хроматикалық гаммаларды, төрт позиция аймағындағы қос ноталарды оқып-үйрену.

3-тақырып. Штрихтық техниканы әрі қарай дамыту. Деташе, легато, мартле, стаккато, сотийемен жұмыс.

4-тақырып. Вибрациялау дағдыларын жетілдіру.

5-тақырып. Жоғары позициялар мен қою позицияларындағы ойнау тәсілдерін бекіту.

6-тақырып. Жасанды флажолетталармен танысу.

7-тақырып. Түрлі стильдер мен ғасырлардағы музыка туралы түсінік.

8-тақырып. Пьесалар мен ірі нысанды шығармаларды орындау мәнерлілігімен жұмыс.

9-тақырып. Жаттығулар мен этюдтерді ойнау.

10-тақырып. Күрделірек шығармаларды парактан оқу.

11-тақырып. Ансамбльде музыка ойнау.

12-тақырып. Мультимедиа құралдарымен - Microsoft Office бағдарламасымен және ноталық редакторлармен танысу.

75. 5 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

5 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) кез-келген ноталардан үшдыбыстылық пен септаккордтар құра алады;

2) вибрациялау дағдыларына ие;

- 3) қолайлы аппликатураны өз бетімен қоя алады;
- 4) үш октавада гаммаларды орындай алады;
- 5) күрделірек штрихтарда ойнау дағдыларын ие;
- 6) әріптермен белгіленген аккордтарды оқу дағдыларына ие;
- 7) сахна мәдениетін біледі;
- 8) музыкалық шығарманы түсінді;
- 9) Microsoft Office бағдарламасында және ноталық редакторларда жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын біледі.

76. 6 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) легатоны он алты нотаға дейінгі мейлінше күрделі тональділіктегі гаммаларды, тоғыз нотаға дейінгі арпеджионы, қос ноталарды (терциялар, секст, актава) оқып-үйренеді, деташе, легато, мартле, сотийе, стаккато штрихтарын жетілдіріледі, виртуозды-романтикалық пьесалардағы сол қол техникасын дамыту: трельдер, позицияларды біріктіруді түрлі түрлендіру, қос ноталар, аккордтар, табиғи және жасанды флажолеттер;

2) қою позициясында (Давыдов шарнирында) ойнау дағдылары бекітіледі, үш октавалы гаммалар мен үшдыбыстылық, қос ноталар (терциялар мен секстар), октавалар, шығармалардың стильдік ерекшеліктерін түсіну, агогиканы игеру, дыбысты дамыту, әдемі вибрациялау, күрделі штрихтарды орындау сапасымен жұмыс, нотаны парақтан оқу және білім алушының репертуармен өз бетінше жұмыс жалғастырылады;

3) білім алушы оқу жылының ішінде үш октавалы гаммаларды және түрлі штрихтарды пайдаланып арпеджионы, сондай-ақ әр ысқышқа 8, 12 және 16 нотадан легатоны, мөлшерleme позициясында ойнау дағдыларын әрі қарай дамыту, 7-8 этюдты, 4-6 пьесаны, концерттің бір бөлігін және сонатының бір-екі бөлігін үйренеді.

77. 6 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Үш октавалы гаммаларды және біркелкі аппликатурадағы үшдыбыстылықты оқып-үйрену. Легатода он алты нотаға дейін гаммаларды орындау, арпеджионы - тоғыз нотаға дейін, қос ноталарды (терциялар, секстар, октавалар) оқып-үйрену.

2-тақырып. Деташе, легато, мартле, сотийе, стаккато штрихтарын жетілдіру.

3-тақырып. Қою позициясында ойнау дағдыларын - Давыдов шарнирын бекіту.

4-тақырып. Виртуозды-романтикалық пьесалардағы сол қол техникасын дамыту: трельдер, позициялардың біріктірулерінің алуан түрлерін, қос ноталарды, аккордтарды, табиғи және жасанды флажолетталарды.

5-тақырып. Сильдік ерекшеліктермен, баса айтумен, агогикамен, дыбысты дамытумен, пьесалардағы әдемі вибрациялармен және ірі нысанды шығармалармен жұмыс.

6-тақырып. Этюдтердегі күрделі штрихтарды орындау сапасымен жұмыс.

7-тақырып. Нотаны парақтан оқу және білім алушының шамасы келетін репертуармен өз бетінше жұмысы.

8-тақырып. Ансамбльмен музыка ойнау.

9-тақырып. Мультимедиа құралдарымен - музыканы, аранжировканы сандық өңдеу бағдарламаларымен, Microsoft Office және Muse Score, Sibelius 6 ноталық редакторларымен әрі қарай танысу.

10-тақырып. Электронды камертонды пайдалану арқылы өз бетімен аспапаты күйге келтіру.

78. 6 сыныптың бағдарламасын меңгеруден күтілетін нәтижелер.

6 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік жіне дағдыларға ие болады:

- 1) тенорлық кілттердегі ноталарды оқи алады;
- 2) нотаны парақтан оқу және ансамбльде ойнау дағдыларына ие;
- 3) шығарманы орындау кезінде естуді бақылауды жүзеге асырады;
- 4) сахна мәдениетін біледі;
- 5) музыкалық шығарманы орындай алады;
- 6) ашық ішектерді пайдаланбай, біркелкі аппликатурадағы үш октавада мажорлы және минорлы гаммаларды орындай алады;
- 7) мейлінше күрделі штрихтарды орындау дағдыларына ие;
- 8) түрлі аккордтарды ойнауды біледі;
- 9) әдемі вибрациялау дағдыларына ие;
- 10) интервалды техника дағдыларын біледі;
- 11) шығарманың стильдік ерекшеліктерін жеткізе біледі;
- 12) парақтан оқу дағдыларына ие;
- 13) интервалды техника дағдыларын біледі;
- 14) сол қол техникасын біледі: трельдер, позицияларды біріктірудің алуан түрлерін, жасанды флажолеттер мен қос ноталарды;
- 15) аспапты өз бетімен күйге келтіре алады;
- 16) Microsoft Office бағдарламасын және ноталық редакторларды пайдалана алады.

79. 7 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) түрлі штрихтық нұсқалардағы гаммаларды игеру, саусақтардың шапшаңдығы мен штрихтық техниканы дамыту, екі және төрт легатодан қос ноталардың үш түрін, қозғалысты қалыптағы арпеджионың он бір түрін меңгеру, түрлі стильдік бағыттардағы виолончель репертуары белсенді түрде игеріледі;

2) білім алушы жылдам қозғалыстағы үш октавалы гамманы, он екі және он алты нотадан легатоно, штрихтардың барлық түрін, үш

және алты нотадан арпеджионы, қос ноталарды, хроматикалық гаммаларды, 6-8 этюдты, 5-6 пьесаны, 2 ірі нысанды шығарманы оқып-үйренеді.

80. 7 сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Түрлі штрихтық нұсқалардағы гаммалар, саусақтардың шапшаңдығы мен штрихтық техниканы дамытту, үш түрлі қос ноталар екі және төрт легатодан, қозғалысты күйдегі арпеджионың он бір түрі.

2-тақырып. Деташе, легато, мартле, сотийе, стаккатою штрихтарын жетілдіру.

3-тақырып. Виртуозды-романтикалық пьесалардағы сол қол техникасын әрі қарай дамыту: трельдер, позицияларды біріктірудің түрлі түрлері, қос ноталар, аккордтар, табиғи және жасанды флажолетталар.

4-тақырып. Түрлі стильдік бағыттағы виолончельге арналған репертуарларды кәсіби түрде меңгеру.

5-тақырып. Мейлінше күрделі фактуралы және мазмұнды ірі нысанды шығармалармен жұмыс.

6-тақырып. Этюдтердегі күрделі штрихтарды орындау сапасын жетілдірумен жұмысты әрі қарай жалғастыру.

7-тақырып. Нотаны парақтан оқу және білім алушыға күрделірек болатын репертуармен өз бетімен жұмыс істеу.

8-тақырып. Ансамбльде музыка ойнау.

9-тақырып. Музыканы, аранжировканы сандық өңдеуге арналған мультимедиадық құралдармен, Microsoft Office және ноталық редакторлармен әрі қарай танысу.

10-тақырып. Кәсіби, өз бетімен аспапты күйге келтіру және ішектерді құлаққа дұрыс қою.

81. 7 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

7 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) бірінғай аппликатурада төрт октавада мажорлы және минорлы гаммаларды орындай алады (ашық ішектерді пайдаланбай);
- 2) хроматикалық гаммаларды орындай алады;
- 3) сол қол техникасын меңгерген: саусақтардың шапшаңдылықтарын, трельдерді, позицияларды қосудың түрлі түрлерін, жасанды флажолетталар мен қос ноталарды;
- 4) мейлінше күрделі штрихтармен орындау дағдыларын біледі;
- 5) интервалды техника дағдыларына ие;
- 6) музыкалық шығарманы түсіндіре алады;
- 7) шығарманың стильдік ерекшеліктерін жеткізе алады;
- 8) музыкалық шығарманы өз бетімен жаттай алады;

- 9) аспапты өз бетімен күйке келтіре алады;
- 10) парақтан оқу дағдыларына ие;
- 11) музыканы, аранжировканы сандық өңдеуге арналған бағдарламаларды, Microsoft Office және ноталық редакторларды қолдана алады.

82. 8 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) түрлі штрихтық нұсқалардағы бірыңғай аппликатурадағы гаммалармен, үш түрлі қос ноталарды екі және төрт легатодан, қозғалысты қалыптағы арпеджионың он бір түрімен, мейлінше күрделі фактуралы және мазмұндағы ірі нысанды шығарманы меңгеру жалғастырылады, саусақ жүйріктілігі, штрихтық техника дамытылады;

2) білім алушы қозғалысты қалыптағы үш октавалы гаммалардың екі және он алты нотадан легатоны, штрихтардың барлық түрлерін, үш және алты легатодан арпеджионы және қос ноталарды, хроматикалық гаммаларды, 6-8 этюдті, 5-6 пьесаны және 2 ірі нысанды шығарманы оқып-үйренеді.

83. 8 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Түрлі штрихтық нұсқалардағы гаммалар, саусақ шапшандылығы мен штрихтық техниканы дамыту, үш түрдегі қос ноталарды екі және төрт легатодан, қозғалысты күйдегі арпеджионың он бір түрін.

2-тақырып. Деташе, легато, мартле, сотийе, стаккато штрихтарын дамыту.

3-тақырып. Виртуозды-романтикалық пьесалардағы сол қол техникасын әрі қарай дамыту: трельдер, позицияларды біріктірудің алуан түрлері, қос ноталар, аккордтар, табиғи және жасанды флажолеттер.

4-тақырып. Түрлі стильдік бағыттардағы виолончельге арналған репертуарларды кәсіби түрде меңгеру.

5-тақырып. Мейлінше күрделі фактурадағы және мазмұндағы ірі нысанды шығармалармен жұмыс.

6-тақырып. Этюдтердегі күрделі штрихтерді орындау сапасын жетілдіру бойынша жұмыстарды әрі қарай жалғастыру.

7-тақырып. Нотаны парақтан оқу және білім алушыға күрделі болып келетін репертуармен өз бетінше жұмыс.

8-тақырып. Ансамбльде музыка ойнау.

9-тақырып. Мультимедиа құралдарымен - музыканы, аранжировканы сандық өңдеуге арналған бағдарламалармен, Microsoft Office және ноталық редакторлармен әрі қарай танысу.

10-тақырып. Мейлінше кәсіби, өз бетінше аспапты күйге келтіру.

84. 8 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

8 сыныпта оқу жылының соңында келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) алуан түрлі аккордтарды ойнай алады;
- 2) әдемі вибрациялау дағдыларына ие;
- 3) бірыңғай аппликатурамен үш октавада мажорлы және минорлы гаммаларды орындай алады (ашық ішектерді пайдаланбай);
- 4) екі ысқышқа 16 легатодан хроматикалық гаммаларды орындай алады;
- 5) сол қол техникасын біледі: саусақтардың шапшаңдылығы, трельдер, позицияларды біріктірудің алуан түрлері, жасанды флажолеттер және қос ноталар;
- 6) мейлінше күрделі штрихтармен орындау дағдыларына ие;
- 7) интервалды техника дағдыларына ие;
- 8) музыкалық шығарманы түсіндіре алады;
- 9) шығарманың стильдік ерекшеліктерін жеткізе алады;
- 10) музыкалық шығарманы өз бетімен жаттай алады;
- 11) аспапты өз бетімен күйге келтіре алады;
- 12) парактан оқу дағдыларына ие;
- 13) музыканы, аранжировканы сандық өңдеу бағдарламаларын, Microsoft Office және ноталық редакторларды пайдалана алады.

85. Білім беру бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

- 1) виолончельде жеке орындауға тән сипаттағы көркемдік-орындаушылық, техникалық мүмкіндіктерді,
- 2) музыкалық терминологияны;
- 3) музыкалық шығармалардың түрлі түсіндірулерін;
- 4) бағдарламалық талаптарға сәйкес түрлі стиль мен жанрлардағы шығармалардың тұратын виолончельге арналған репертуарларды біледі.

Түлек :

- 1) музыкалық шығарманы жеткілікті көркемдік дәрежеде сауатты орындай алады;
- 2) жеңіл пьесаларды жаттау барысында туындайтын техникалық қиындықтардан өз бетімен өте алады;
- 3) орындаушылық практикада алған теориялық білімдерін қолдана алады;
- 4) орындалатын музыкалық шығармаларды талдай алады;
- 5) музыкалық формалар туралы түсініктері бар.

Түлек:

- 1) есту бойынша теру және жеңіл музыкалық шығармаларды парактан оқу дағдылары;
- 2) музыкалық-орындаушылық мәнерлілік құралдарын пайдалану дағдылары;

3) естуді бақылауды тәрбиелеу бойынша дағдылары және орындау процесін басқару біліктері;

4) орындалатын шығармаларды теориялық талдау дағдылары;

5) орындаушылық практика дағдылары, көпшілік алдында жеке өнер көрсету дағдылары;

6) ұжымдық шығармашылық қызмет дағдылары қалыптасқан.

86. Үлгерімді бақылаудың мақсаты білім алушының білім беру бағдарламасын игерудегі нәтижелілігін анықтау болып табылады.

Білім алушылардың бағдарламаны игеруі техникалық сынақ, академиялық концерт түрінде, қорытынды аттестаттау – емтихан түрінде іске асырылады.

87. Аттестаттау формасы және білім алушылардың сыныптар бойынша көрсетілімдеріне қойылатын бақылау-бағдарламалық талаптары:

1) 1 сынып – бірінші жартыжылдықта: академиялық концерт (1 пьеса), екінші жартыжылдықта: техникалық сынақ (1 гамма, 1 этюд);

2) 2 сынып – бірінші жартыжылдықта: техникалық сынақ (1 гамма, 2 этюд), екінші жартыжылдықта: техникалық сынақ (1 гамма, 2 этюд немесе 1 этюд және пьеса);

3) 3 сынып – бірінші жартыжылдықта: техникалық сынақ (1 гамма, 2 этюд немесе 1 этюд және 1 пьеса), екінші жартыжылдықта: техникалық сынақ (1 гамма, 2 этюд немесе 1 этюд және пьеса);

4) 4 сынып – бірінші жартыжылдықта: техникалық сынақ (1 гамма, 2 этюд немесе 1 этюд және 1 пьеса), екінші жартыжылдықта: техникалық сынақ (1 гамма, 1 этюд және 1 пьеса);

5) 5 сынып – бірінші жартыжылдықта: техникалық сынақ (1 гамма, 2 этюд немесе 1 этюд және 1 пьеса), екінші жартыжылдықта: емтихан (1 пьеса, 1 ірі нысанды шығарма);

6) 6 сынып – бірінші жартыжылдықта: техникалық сынақ (1 гамма, 2 этюд немесе 1 этюд және 1 пьеса), екінші жартыжылдықта: емтихан (1 пьеса, 1 ірі нысанды шығарма);

7) 7 сынып – бірінші жартыжылдықта: техникалық сынақ (1 гамма, 2 этюд), екінші жартыжылдықта: бітіру емтиханы (ірі нысанды форма, виртуозды пьеса, Қазақстан композиторларының пьесасы);

8) 8 сынып – бірінші жартыжылдықта: техникалық сынақ (гамма, 2 этюд), екінші жартыжылдықта: емтихан (1 ірі нысанды шығарма, 1 пьеса).

Педагог білім алушының жұмысын бағалау кезінде келесі өлшемшарттарды ескереді: білім алушының аспапты тиісті деңгейде меңгергенін көрсетуі, көркем бейнені толық және сенімді ашуы, орындалатын шығарманың стилін түсінуі және орындаушылық интерпретацияда көрсетуі.

89. Бағалау өлшемшарттары:

1) «5» бағасы «өте жақсы» – музыкалық шығарма мазмұнының бейнелік-мәнерлілік түсіндірмесі; нысан сезімін нақты түрде ұғу; шапшаңдықтың бірлігі; сөзін сөйлеудің мәнерлілігі; ырғақтық пульсацияның айқындығы; динамикалық көптүрлілік; өз орындауын естіп бақылау; орындау техникасын еркін меңгеру; әртістік және ойнауға берілгендік;

2) «4» бағасы «жақсы» – шығарманың нысанын, музыкалық тілді, музыкалық мәнерліліктің құралдарын сауатты түсіну; ноталық мәтінді орындаудың тұрақтылығы; шапшаңдықтың бірлігі; сөзін сөйлеудің мәнерлілігі; динамикалық көптүрлілік; жеткіліксіз түрде естіп бақылауы; сахнада психологиялық жағынан өзін-өзі ұстаудың тұрақсыздығы;

3) «3» бағасы «қанағаттанарлық» – авторлық ноталық мәтінді музыканы бейнелік пайымдаусыз үстіртін оқу; өз орындауын нашар естіп бақылау; шапшаңдық-ырғақтық жинақы еместік; дыбысталудың динамикалық біртектілігі және бірсарындылығы; сахнада тұрақсыз психологиялық жай-күй;

4) «2» бағасы «қанағаттанарлық емес» – ноталық мәтінді ойнаудағы қателіктер; метрлік-ырғақтық тұрақсыздық; естіп бақылаудың жоқтығы; дыбыс шығару және дыбыс танудың төменгі сапасы; мәнерлілік түсіндірменің жоқтығы; орындау кезіндегі жиі тоқтаулар;

5) сынақ (бағасыз) – орындауы оқытудың осы кезеңінің тиісті деңгейіне сәйкес.

**Образовательная программа по предмету «Виолончель»
детских музыкальных школ и музыкальных отделений
детских школ искусств**

1. Образовательная программа по предмету «Виолончель» детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств (далее - Программа) определяет единый комплекс основных характеристик образования, включающий цель, результаты и содержание обучения, организацию образовательного процесса, способы и методы их реализации, критерии оценки результатов обучения по предмету «Виолончель».

2. В настоящей программе используются следующие понятия:

1) агогика – небольшие отклонения (замедления, ускорения) от темпа и метра, подчинённые целям художественной выразительности;

2) арпеджио – способ исполнения аккордов на фортепиано, некоторых клавишных и струнных инструментах, при котором звуки аккорда следуют один за другим;

3) артикуляция – способ исполнения последовательного ряда звуков при игре на музыкальном инструменте или при пении вокальных партий;

4) дэташе – разновидность приёма исполнения на струнных смычковых инструментах;

5) звуковедение – способ связи звуков в процессе фонации;

6) звукоизвлечение – музыкальное извлечение, порождение звуков при игре на музыкальном инструменте или пении;

7) легато – приём игры на музыкальном инструменте, связанное исполнение звуков, при котором имеет место плавный переход одного звука в другой, пауза между звуками отсутствует;

8) гамма в теории музыки –звукоряд неопределённой протяжённости, соседние ступени которого отстают друг от друга на целый тон или полутон; в школьной исполнительской практике под гаммами подразумевают восходящие либо нисходящие звукоряды протяженностью в несколько октав;

9) ритм – организация музыки во времени;

